

# БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

## АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Жан және ақыл. 2-бөлім





**Мақсаты** – Аристотель және эллиндік философиядағы жан және ақыл мәселелерін қарастыру.

**Жоспары:**

1. Аристотельдің философиялық психологиясы.
2. Эллиндік философиядағы ақыл мәселесі.
3. Кейінгі антикадағы ерік, ақыл, және жан мәселесі.

**Түйін сөздер**

Жан, ақыл, өмір, өлім, ажалсыздық, интеллект, сезімдік тәжірибе, ерік, құмарлық, ерікті таңдау, детерминизм.

## Аристотельдің философиялық психологиясы

Біз алдыңғы дәрісте айтып өткеніміздей, Платонның ақыл философиясы негізінен этикалық және метафизикалық сұрақтармен байланысты әртүрлі диалогтардың үзінділерінен жинақталған. Ал Аристотельдің философиялық психологиясы – мүлде бөлек мәселе. Этикалық жазбаларынан басқа, қосымша ретінде оның арнайы жантабиғаты туралы (De Anima) жүйеленген трактаты, сонымен қатар, сезімдік қабылдау, ес, түс және түс көру тақырыптары бойынша екінші дәрежелі бірқатар монографиялары бар. Аристотель Платонның кей идеяларын одан ары жетілдірді. Мысалы, жанның бөлшектерге бөлінуі, қабылдаудың философиялық талдауын жасады. Бірақ оның іргелі бағыты тамырымен биологияны зерттеуге кетеді. Аристотельдің жан мен оның бөлшектерін құрылымдауы философиямен бірге, тұтас ғылымға шамамен екі мың жыл бойына ықпал етті.

Биолог ретіндегі Аристотель үшін жан «Федонда» айтылғандай, тамаша дүниеден нашар дүниеге қуылмаған. Аристотельдің пайымдауынша жан организмнің негізінде жатқан нәрсе. Жанның мәнінің өзі оның органикалық құрылымымен анықталады. Адамдар ғана емес, жануарлар да, өсімдіктер де жанға ие. Ол – пайдаланылған, бұрынғы күнәсі үшін жаза ретінде трансмиграцияланған жандар емес, хайуанаттар мен өсімдіктер өмірінің өзіне тән ішкі негізі. Жан – дейді Аристотель – «бойында өмір бар дененің шынайылығы», мұнда өмір дегеніміз – өзін-өзі қамтамасыз етуге, өсуге және күйреуге деген қабілетті білдіреді. Егер біз тірі субстанцияны материя мен форманың қосындысы десек, онда жан – табиғи немесе, кейде Аристотель айтатындай, органикалық тәннің формасы.

Аристотель жанның түрлі анықтамасын береді және олар бір-бірімен аса үйлеспейтін де сияқты. Анықтамалардың арасындағы айырмашылық жанды түсінуде бірізділіктің жоқтығынан емес, Аристотельдің гректің «дене» сөзін әртүрлі мағынада қолдануынан туындайды. Кейде бұл сөз тірі денелердің құрамдас субстанциясы дегенді білдіреді. Ондайда жан – тірі дененің формасы, өзі қозғалатын дене. Басқа жағдайда, дене – жанның ықпалындағы сәйкес материяның түрі. Бұл мағынада, жан – дененің өмірге әлеуеті бар формасы. Жан – органикалық дененің формасы, яғни сүтқоректілердің ауызы немесе ағаштардың тамыры сияқты, арнайы қызмет атқаратын бөліктері бар дене мүшесі.

Грекше «organon» сөзі құрал дегенді білдіреді. Аристотель жан ұғымын жаны жоқ құралдармен де, дене мүшелерімен де салыстырып көрсетеді. Егер балта тірі болса, оның кесу күші оның жаны болар еді. Егер көз тұтасымен ағза болса, оның көру күші оның жаны болар еді. Жан дегеніміз – шынайылық – дейді Аристотель. Бірақ оны бірінші және екінші шынайылық деп бөледі. Іс жүзінде балта шапқандағы, көз көргендегі хал – екінші шынайылық. Қабындағы балта, ұйқыдағы көз іс жүзінде жұмыс жасамаса да өз күштерін сақтап қалуда. Мұндай белсенді күш бірінші актуалдыққа жатады. Дәл осы актуалдық жан болып табылады. Жан тірі дененің алғашқы актуалдығы. Осы актуалдылықтың іске асуы ағзаның өмір сүруінің жиынтығы болып саналады.

Жан – түр немесе тірі дененің формалды себебі болуымен қатар, денедегі өзгерістер мен қозғалыстар бастамасы. Жан ең алдымен денеге өзінің телеологиялық бағдарын беретін соңғы себеп. Тірі жандар жанын сатыға жіктеуге келеді. Өсімдіктер – өсу, қоректену және көбею



қабілеті бар өсімдіктік немесе қоректік жанға ие. Хайуандарда, жоғарыда айтқанымызбен қоса, қабылдау және қозғалу күштері бар. Олар сезімдік жанға ие және әрбір хайуанның кем дегенде қабылдауға қабілеті бар. Ал олардың қабылдау қабілетінің ішіндегі ең әмбебабы – сезу. Сезе алатынның барлығы да рақаттануды да біледі. Демек, сезімдері бар хайуандарда, ынтызарлық та бар. Адамдардың, осы айтылғандардан басқа, ойлау және зерделеу қабілеті бар (logismos kai diaonia). Оны рационалды жан деуге болады.

Платон сияқты Аристотель де, жанның ең жоғарғы нүктесінде ой немесе ақыл орналасқан деп түсінеді. Ол – түсінік пен ойдың орталығы. Сезімдік тәжірибе сияқты, ойлау дегеніміз – пайымдау жасау. Алайда сезімдік тәжірибе жеке нәрселермен айналысса, интеллектуалдық білім әмбебап, жан-жақты болмақ. Аристотель практикалық және теориялық толғаныстардың ара жігін ажыратады және оларды ақылды бөлшектерге бөлуіне сай жасайды. Рационалды жанның (logistikon) пайымдауға бейім бөлігі адамның қам-қарекетін зерттесе, оның ғылыми бөлігі (epistemonikon) мәңгілік ақиқаттарды зерттейді. Бұлай бөлуді түсіну қиын емес, әйтсе де Аристотель өзінің «Жан туралы» еңбегінің үзіндісінде ұғыну қиын болса да, ақылдың (nous) екі түрін бөліп қарастырады. Табиғатта болжалды түрде бәрі де, кез келгені де бола алатын материяны кездестіреміз. Сонымен қатар материядан жоғары тұратын жасампаз элемент те бар. Ақылда да сол сияқты құрылған.

«Өзінен бәрі туындайтын ақыл бар және бәрін жасайтын ақыл бар, ол жарық сияқты белгілі бір жолдармен болжалды түстерді нақты түстерге айналдырады. Бұл ақыл – бөлекше, өткінші емес және ештеңеге араласпайды, нақты мәнде болады; әрекет етуші күштің қашанда әрекетсіздіктен басым тұратыны – материяға қатынасындағы принцип секілді. Негізінде, білім дегеніміз – таным объектісі». Ерте кезде де, Орта ғасырларда да жоғарыда келтірілген үзінді әрқалай түсіндірілді. Кейбіреулер, әсіресе араб түсіндірмешілері, ерекше белсенді күшті – ой жарығын ақыл жарығымен, Құдаймен немесе басқа бір асқақ адам интеллектісімен теңестірді. Енді біреулері, әсіресе латын түсіндірмешілері – адам ақылын аристотельдік екі бөлікке бөлуін қабылдады: түсініктерді қалыптастыратын активті интеллект және идея мен сенім атаулыны сақтайтын пассивті интеллект.

## Эллиндік философиядағы ақыл мәселесі

Кеннидің эллиндік ақыл философиясын талдауға кірісудің алдында Бертран Расселдің философиядағы эллиндік кезеңге берген қысқаша сипаттамасына назар аудартқым келеді.

Грек тілін пайдаланған ежелгі дүние тарихын үш кезеңге бөлсек болады – деп жазады Рассел өзінің «Батыс философиясының тарихы» кітабында: еркін қала-мемлекеттер кезеңі. Филип пен оның ұлы Ескендір олардың түбіне жетті. Македонияның үстемдігі кезеңі. Оның соңғы қалдықтары Клеопатраның өлімінен соң римдіктердің Мысырды жаулап алғаннан кейін жойылды. Ең соңғы кезең – Рим кезеңі. Осы үш кезеңнің алғашқысы – еркіндік және тәртіпсіздікпен, екіншісі – бағыныштылық және тәртіпсіздікпен, үшіншісі – бағыныштылық және тәртіппен сипатталады. «Осы кезеңдердің екіншісі эллиндік ғасыр ретінде белгілі» – деп жалғастырады өз сөзін Рассел, – жаратылыстану мен математика саласындағы жасалған жұмыстар гректердің осы салалар бойынша барлық кезде жасаған жұмыстарының ішіндегі ең үздігі. Осы кезеңде эпикурлықтар мен стоиктер мектебінің негізі қаланды. Скептиктердің ілімі толығымен тұжырымдалды. Сондықтан да Платон мен Аристотель кезеңі сияқты болмаса да, философия тұрғысынан бұл да маңызды кезең. Швектен соң б.д.д. грек философиясында неоплатоншылдарға дейін маңызды деген жаңа дүние жоқ. Дегенмен бұл мезетте христиандықтың жеңісіне әзірленіп жатты».

Аристотель мен Аугустиннің аралығында ерте дәуірде дамыған ақыл философиясына байланысты көзқарастарды ешкім тұжырымдай алмады. Демокритпен салыстырғанда Эпикурдың психология философиясы едәуір ілгері кеткен. Эпикур үшін басқа да нәрселер сияқты, жан атомдардан тұрады, олар кіші, жіңішке және желдің құрамындағы атомдарға қарағанда құрылымды. Өлімнен кейін жан сейіліп, сезімдік тәжірибеге қабілетсіз болады, өйткені бұрынғыдай емес, тәндегі тиесілі орнынан айырылады.



Лукрецийдің «Заттар табиғаты туралы» атты ұлы поэмасының үшінші кітабы психологияға арналған. Ол әуелі animus пен anima арасындағы айырмашылықты айтады. Animus немесе ақыл – қол немесе аяқ сияқты, тәннің бөлігі. Мұны ақтық демі шыққанда, тәннің қозғалыссыз қалуы дәлелдейді. Ой – anima-ның немесе жанның бөлігі. Тікелей жүректе болатын доминантты бастау. Жанның қалған бөлігі бүкіл тәнде орналасқан және ақылдың еркімен қозғалады. Ой, жан және тән тығыз байланысқан. Үрей тәнді қалтыратады. Ал тәннің жарақаты ойды қапаландырады. Ой мен жан материалды болуы керек. Онсыз тәнді қозғалта алмас еді – тәнді қозғау үшін ой мен жан онымен жанаса алуы керек. Егер физикалық формалары болмаса, олар тәнді қалай қозғайды? Ой шараптың жұпар иісіндей жеп-жеңіл, нәзік құрылымнан тұрады – қанша дегенмен, өлі дененің салмағы тірі денеден сәл жеңілдеу болады ғой. Ол оттан, ауадан, желден және аты жоқ төртінші элементтен тұрады. Ой жаннан маңыздырақ. Ақыл қайда барса да, жан оның соңынан ереді және ой жанға келген қиындықтардың көпшілігіне төзе алады.

Лукрецийдің ақыл мен жан туралы пікірталасының мақсаты – олардың екеуіне де өлу тән екенін дәлелдеп, өлімнен қорқатын негізді жою. Су сынған ыдыстан лықсып ағып кетеді. Ал тән жарақат алғанда жан қаншалықты тез шығып кетуі керек? Ақыл тәнмен бірге дамиды, тәнмен бірге солады. Тән ауырса, ол да қиналады. Тәнді емдесе, ол да айығады. Мұның бәрі ақылдың мәңгілік еместігін аңғартады. Жан мен тән бірге өрілгенде ғана біз өзіміз бола аламыз деп қорытындылайды ойын Лукреций.

Эпикурлықтар сезімдік қабылдаудың, атап айтқанда, көрудің атомистік түсінігін берді. Айналадағы денелер өздері жасалған атомдардың жұқа қабығын тастап, қайтадан өздерінің бастапқы формасына оралады да, бейнелерге (eidola) айналады. Олар айналада өте жоғары жылдамдықпен ұшып жүреді. Олар атомдардың жанмен кездескенінде түйсіну пайда болады. Ойымыздағы бейнелерді көргенде бұл – алтын жапырақ немесе өрмекшінің тордан бөлек өте жұқа элементтердің байланысының нәтижесі. Осылайша, кентавр образы – адам бейнесі мен жылқы бейнесінің өзара тығыз байланысуының нәтижесі. Ол адам ұйықтап жатқанда да немесе ояу жүргенде де ақылға енуі мүмкін. Осы сияқты көріністер адамды үнемі қоршап жүреді, бірақ, ақылымыз назарын қайсысына бұрса, содан ғана хабардар боламыз.

Эпикурлықтар сияқты, стоиктер де жанның материалистік тұжырымдамасын ұстанды. Тынысымыз барда, біз тіріміз дейді Хрисипп: жан – бойымыздағы өмірді сақтаушы, ал тыныс – бізді тыныс алуға мәжбүрлейтін нәрсе, сондықтан жан мен тыныс бірдей. Жүрек – жанның орны: жан негізінен сол жерде болады (parexcellence), сезім мүшелерінің көмегімен сыртқы орта туралы хабар алдыратын жетекші орган (hegemonikon). Алайда стоиктер үшін жанның мәңгілігі бүкіл адамзатқа тән дүние емес: қайтыс болғаннан кейін даналардың ғана жанын жаһанды басқаратын және біріктіретін құдіретті Ғалам жаны өзіне сіңіріп алады.

Когнитивті қабілет пен құмарлық қабілетінің айырмашылығы сенсорлық және интеллектуалды қабілеттердің айырмашылығына ұқсас. Ежелгі заманның соңғы кезеңдері мен орта ғасырларда философтар мынадай сызба жасады:

Интеллектуалды қабілет – Ерік

Сезімдік тәжірибе – Құмарлық

Бұл Аристотельдің рационалды және хайуандық деңгейге бөлуі мен стоиктердің танымдық және құмарлық мөлшерге бөлуінің арасындағы айырмашылықты сәйкестендіреді.

## Кейінгі антика заманындағы ерік, ақыл және жан түсініктері

Классикалық философияда ерік ұғымы болмаған деген сөз жиі айтылады. Кейбіреулер тіпті Аристотель психологиясында ерік жалпы болған емес, ол он бір ғасырдан кейінгі философиялық рефлексияның нәтижесіне шығарылған концепт деп те бой бермеді. Әрине, Аристотельде қазақ тіліндегі «ерік еркіндігі» деген түсінікке сәйкес ұғым болған жоқ, мұны ғалымдар да мойындап отыр.

Аристотельдің атына айтылған мұндай сынның сыры еріктің табиғатына деген өзіндік ерекше көзқарасына байланысты болса керек. Қазір философтар ерік-жігерді интроспективті сана көрінісі деп есептейді. Ерік әрекеті – адамның белгілі бір ісін алдын ала жорамалдайтын және соған себепкер болатын санадағы әрекет. Оның болу-болмауы әрекеттің ерікті немесе



еріксіз екенін анықтайды. Ерік еркіндігі осындай интроспективті әрекеттердің дүдәмал жағдаятында болады.

Эпикурлықтар мен стоиктердің адам іс-әрекетіндегі себептілік туралы мұндай байламды қаншалықты қабылдағаны әлі де айқын емес. Бірақ Аристотельде еріктің бұл тұжырымдамасының болмағаны анық. Алайда кейінгі кезде осы идеяның кемшіліктері анықталып, беделі де біршама түсіп кеткен кезде, мұның өзі ол үшін артықшылық бола бастады. Ерік-жігерді философиялық түсінудің қанағаттанарлық бағасы адам әрекетін оның қабілеттерімен, ықыласымен және сенімімен сәйкестенуі керек. Ол өз ішінде таңдау еркін, интенционалдылық пен рационалдылықты зерттеуді қамтуы тиіс. Аристотель трактаттарында ерікті осы контекстте зерттеу бойынша ауқымды материал бар. Әрине, оның пікірлері қазір қолданылатын идеялармен сәйкес келмейтіні түсінікті.

Аристотель таңдау еркі туралы мынадай анықтама береді: мәжбүрлеуден немесе қателіктен ада әрекеттен туындаған нәрселер – ерікті. Оның құндылықты жүйесінде маңызды рөлді мақсатты түрде таңдау идеясы немесе *prohairesis* ойнады: өмірдің жалпы жоспары аясындағы таңдау. Кенни еріктіліктің аристотельдік концепциясы абайсыздау түзілген, ал *prohairesis* туралы тұжырымы да біздің өмірімізді құрайтын күнделікті моральдық таңдауларды сипаттау үшін тым тар дейді. Ағылшын тілінде *prohairesis* деген сөзге сәйкес келетін термин де жоқ. Мұның өзі бұл тұжырымның қолайсыздығын көрсетеді. Аристотельдің мораль терминологиясының көп бөлігі бүкіл Еуропа тілдеріне ыңғайландырылып, бейімделді.

Эпикурлықтардың, стоиктердің және кейінгі перипатетиктердің өлім туралы ұстанымдарына жауап ретінде, Плотин Платонға еріп, жеке жанның өлмейтінін дәлелдемек болды. Ол пікірін алғашқы еңбектерінің бірі – «Жанның өлмейтіні туралы» туындысында келтірді. Егер жан тіршілік иесінің өмірін ұстап тұратын қажетті принцип болса, онда оның тәндік формасы болмауы керек. Тәндік формасы болса, онда ол төрт элементтен – жер, ауа, от және судан немесе солардың қосындысынан тұруы керек. Ал бұл элементтерде өз бетінше өмір жоқ. Егер бұлардың байланысы өмірлік болса, онда мәселе олардың құрамындағы элементтердің белгілі бір пропорциясының негізінде болуы керек, яғни бұлардың ингредиенттік қосындысын рецептіге орай біріктіретін бірдеңе солардың себепшісі болады. Осы бірдеңе дегеніміз – жан болып табылады.

Плотин өмірлік әрекеттердің ең қарапайым формасы – тамақтану мен өсуден бастап, ең жоғарғы формасы – елестету мен ойлауға дейін бірде-бірі тек тән арқылы жүзеге аспайды дейді. Денелер сәт сайын өзгерісте болады: олар бөлшекке бөлініп кеңістікте таралады. Осындай үздіксіз ағын күйінде болатын бірдеңе әр сәтті қалай қабылдауы мүмкін? Біз сұлулық және әділеттілік сияқты абстрактілі нәрселер туралы ойлана аламыз? Қалай тәндік нәрсе тәнсіз нәрселерді түсіне алады? Жан жаратылыс дүниесіне емес, болмыс дүниесіне жатуы тиіс.

Плотиннің ойларынан нәр алып, шабыттанғанның бірі жас Аугустин еді. Оның ақыл философиясына қосқан өзіндік үлесі еркіндік туралы жазбаларынан табуға болады. Христиандықты қабылдап, шоқынған жылы жазған «Ерік еркіндігі» атты шығармасында либертариандықты қорғайды. Ол Хрисипптің компатибилизмінен және кейінгі Аугустинге тән прединарианизмнен өзгешелеу еді.

Үшінші кітапта жанның күнәлары қажеттіліктен бе деген мәселе көтеріледі. Аугустин «қажеттіліктің» үш түрін ажыратуымыз керек дейді. Олар табиғат, сенім және мәжбүрлеу. Табиғат пен мәжбүрлеу еріктілікпен үйлеспейді. Тек ерікті әрекеттер ғана жазалануы мүмкін. Егер күнәһар табиғатынан немесе мәжбүрліктен күнә жасаса, онда күнә ерікті емес. Бірақ сенім еріктілікпен үйлеседі. Х-тің күнә жасауы анық болуы мүмкін және Х күнәні өз еркімен жасағандықтан, оның жазалануы әділетті. Аугустиннің «Ерік еркіндігі», негізінен, детерминизм мен еркіндіктің, әсіресе оның Құдай аяны туралы толғаныстарының актуалды мәселелерін қамтиды. Аугустин Құдай келешектегі нәрсенің бәрін алдын ала біледі деп сенген. Сөйтіп, ол күнәні өз еркімен жасау мүмкіндігіне қарсы мынадай дәлел түзді:

1. Құдай Адамның (Адам ата) күнә жасағалы тұрғанын алдын ала білді.
2. Егер Құдай Адамның жасамақ күнәсін алдын ала білсе, онда Адам күнәні жасауға міндетті болғаны.



3. Егер Адам міндетті түрде күнә жасауы керек болса, онда Адам күнәні жасауға мәжбүр болды.

4. Егер Адам күнәні жасауға мәжбүр болған болса, онда ол күнәні өз еркімен жасаған жоқ.

5. Адам күнәні өз еркімен жасаған жоқ.

Аугустиннің мұндай тәсілі толық сенімділік туғызбайды. Адамның келешекті болжай білуі мен Құдайдың бәрін мәңгі көре-білетінінің арасында дәл аналогия жоқ. Оның ілімінің шешілмей қалған қиын мәселелерін христиандық теологтердің кейінгі буыны талқыға салды. Бірақ оның талқылауын антика заманындағы детерминизм туралы рефлексияның соңғы кезеңінің үлгісі деуге әбден болады.

Сонымен, біз Энтони Кенни кітабының жетінші тарауында талдаған Аристотель, эпикурлықтар, стоиктер, Плотин және Аугустин философиясында көрсетілген жан мен ақыл мәселелерінің кейбір қырларын қарастырдық. Келесі дәрісте біз этика мәселелерін талқылауға көшеміз.

### Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Аристотель бойынша жанның мәні неде?

2. Аристотель философиясында жанның қандай анықтамалары кездеседі?

3. «Өзінен бәрі туындайтын ақыл бар және бәрін жасайтын ақыл бар, ол жарық сияқты белгілі бір жолдармен болжалды түстерді нақты түстерге айналдырады. Бұл ақыл – бөлекше, өткінші емес және ештеңеге араласпайды, нақты мәнде болады; әрекет етуші күштің қашанда әрекетсіздіктен басым тұратыны – материяға қатынасындағы принцип секілді. Негізінде, білім дегеніміз – таным объектісі». Аристотельдің жан туралы мәтінінің осы үзіндісін қалай түсіндірер едіңіз?

4. Лукрецийдің «Заттар табиғаты жөнінде» поэмасындағы animus және anima арасындағы айырмашылығы неде?

5. Лукреций ақыл мен жан мәселелерін талқылаған кезде қандай мақсатты көздейді?

6. Эпикурлықтар мен стоиктердің жан туралы түсініктері қандай болды?

7. Ерік еркіндігі жайлы антикалық түсініктер қазіргі заманғы түсініктерден несімен ерекшеленеді?

8. Плотин жанның мәңгілігі туралы тезисті қалай дәлелдейді?

9. «Ерік еркіндігі» трактатында Аугустин детерминизм мен еріктіліктің қандай мәселелерін қарастырады?

### Әдебиет

1. Anthony Kenny, *Ancient Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 1.* – Oxford University Press. – 2014. – 368 p.

2. Кенни Э., Батыс философиясының жаңа тарихы, 1 том, Антика философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 408 б.

3. Рассел Б., *История западной философии.* – М., 2009.

4. Диоген Лаэртский, *О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов.* / Пер. и прим. М. Л. Гаспарова. Общ. ред. и вступ. ст. А. Лосева. (Серия «Философское наследие»). – М., Мысль, 1979. – 624 с.

5. Чанышев А. Н., *Курс лекций по древней философии.* – М., 1981.

6. Платон, *Диалоги.* – М.: Академический проект. – 2017.

7. Adler M., *Aristotle for everybody. Difficult Thought Made Easy.* Published June 1st 1997 by Touchstone (first published 1978).